



МІРЖАҚЫП
Оян, Қазақ!

ҚР еңбек сіңірген қайраткері,
театр және кино актері
Бақыт Қажыбаевпен кездесу

11 қараша 14:00 Қоғамдық-мәдени орталық Республика II

Биыл Алаш ардақтысы, ағартушы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы, көсемсөз шебері Міржақып Дулатұлының туғанына – 140 жыл. Осыған орай, 11 қарашада сағат 14:00-де Қосшы қаласының қоғамдық мәдени-спорт кешенінде «Міржақып. Оян, қазақ!» фильмінде басты рөлді сомдаған театр және кино актері, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Бақыт Қажыбаевпен кездесу өтеді. Қапы қалмаңыздар!



ҚОСШЫ **BONUS**

TURAN ЭТНО-ФOLKЛОРЛЫҚ АНСАМБЛІНІҢ
ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЖАС ДОМБЫРАШЫЛАРҒА ШЕБЕРЛІК САҒАТЫ

15 қараша 11:00 Қоғамдық-мәдени орталық Республика II

15 қарашада сағат 11:00-де Қосшы қаласының Қоғамдық мәдени-спорт кешенінде TURAN этно-фольклорлық ансамблі жергілікті жас домбырашыларға шеберлік сағатын өткізеді. Бұл – қос ішектен құй төккен қосшылықтар үшін тамаша мүмкіндік! Жіберіп алмаңыздар!

№44 (183) Жаңа Bastau

8 ҚАРАША СЕНБІ 2025 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2022 ЖЫЛДЫҢ 22 АҚПАНЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

www.janabastau.kz



ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ АРТЫП КЕЛЕДІ

Қосшы қаласында өткен әкімдік отырысы өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын қорытындылап, жыл соңына дейінгі нақты міндеттерді айқындап берді. Қала әкімі Азамат Қапышев төрағалық еткен жиында экономика және қаржы бөлімінің басшысы Рүстем Мусин мен әлеуметтік бағдарламалар және жұмыспен қамту бөлімінің басшысының міндетін атқарушы Әсел Жаншуақова есеп берді.



Отырыстың негізгі мазмұны Қосшының тұрақты дамуы, әлеуметтік қолдау шаралары мен алдағы басымдықтарды талқылау болды.

Рүстем Мусин атап өткендей, Қосшы қаласының дамуы тұрақты бақылауда. Қала тіршілігінің барлық бағытында жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. 2025 жылдың басында халық саны 60 мыңнан асса, қыркүйек айына қарай 64 419 адамға жеткен. Бұл 7 пайыздық өсімді қамтиды. Ал табиғи өсім – 427 адам, көші-қон өсімі – 3 800-ден аса тұрғын. Демографиялық өсімнің мұндай серпіні Қосшыны Ақмола облысында көшбасшы етті. Мұның басты себептері – қаланың елордаға жақын орналасуы, тұрғын үй құрылысының кеңеюі және жаңа жұмыс орындарының ашылуы.

Қала халқының өсуімен қатар, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым да дәйекті дамып келеді. 2025 жылы Қосшы, Тайтөбе елді мекендерінде тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған бірқатар жоба іске асып отыр. Атап айтқанда, 350 орындық көпсалалы аурухана мен күніне 1 мың адам қабылдайтын емхана құрылысы жүріп жатыр. Сонымен қатар қоғамдық-мәдени орталыққа, «Ынтымақ» тұрғын үй кешеніне, өрт депосына және қала көшелеріне апаратын жолдар толық аяқталған. Газдандыру жұмыстары нәтижесінде 79 көшенің 31 мың тұрғыны көгілдір отынға қосылып отыр. Бұл бағыттағы жұмыстар кезең-кезеңімен жалғасын тапқан. Сонымен бірге Тайтөбе ауылында электрмен қамтудың екінші кезегі мен көше жарығы орнатылып, жол құрылысы қарқын алған. «Отбасы банк» арқылы 94 отбасы жаңа баспанаға қол жеткізді, 4 балалар алаңы мен тұрмыстық қалдықтарға арналған контейнерлік алаңдар пайдалануға берілді. Өнеркәсіп саласында да бірқатар көрсеткішке назар аударылды. Рүстем Мусиннің айтуынша, соңғы 9 айда өндірілген өнім көлемі 10,2 млрд теңгені қамтыған. Өткен жылмен салыстырғанда төмендеу байқалғанмен, бұл уақытша құбылыс деп бағалан-

ды. Себебі негізгі кәсіпорындардың бірі – «Альянс-телеком» ЖШС өз қызметін өзге өңірге көшірген. Қалада қазір 6 ірі кәсіпорын жұмыс істейді. Олардың арасында «Алтын Қазық», «11 тов», «Сапа Су», «Sky Express Elevator», «Kaiser Engineering» және «ДД-21» компаниялары бар.

Құрылыс саласында да оң серпін байқалады. Биылғы 9 айда 85 мың шаршы метрден аса тұрғын үй пайдалануға берілген десек, бұл – былтырғы көрсеткіштен 17 пайыз жоғары. Облыстық деңгейде Қосшы 3-орында тұр. Инвестиция көлемі де артып келеді. Атап айтқанда, 9 айда 37,4 млрд теңгені қамтып, оның 90 пайызы тұрғын үй құрылысына бағытталған. Қалада жеке инвестиция есебінен «Ынтымақ» және «Лесная поляна» тұрғын үй кешендері салынып жатыр. Бұл жобалар қаланың инвестициялық тартымдылығын одан әрі арттырып, инфрақұрылым сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Шағын және орта бизнесті дамыту – Қосшы экономикасының басты бағыты. Қазір қалада 4 486 бизнес субъектісі тіркелген. Оның 4 240-ы белсенді жұмыс істеп тұр. Бұл – өткен жылмен салыстырғанда, 21 пайыз көп. Биылдың өзінде «SF» мейрамханасы, «Qumuga» банкет залы және жаңа 3 бизнес-орталық ашылды. Мұндай жобалар қала экономикасына серпін беріп қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын да көбейтіп отыр.

Сауда саласында да тұрақты өсім бар. Бөлшек сауда көлемі 5,2 млрд теңгеге жетіп, 10 пайыз артқан. Көтерме сауда 1,2 млрд теңгеге ұлғайды. Бұл – құрылыс материалдары мен жабдықтарға сұраныстың артуымен байланысты жетістік. Ал ауыл шаруашылығында өнім көлемі 272 млн теңгені қамтыды. Дегенмен ауа райының қолайсыздығы және мал басының қысқаруы көрсеткішке кері әсерін тигізген.

Бюджеттің орындалуы да отырыстың өзекті тақырыбы болды. Рүстем Мусиннің айтуынша, қала

бюджетінің өз кірістері 9 айда 4,26 млрд теңгеге жетіп, жоспар 125 пайыз орындалған. Кірістердің негізгі бөлігі жеке табыс және әлеуметтік салықтар есебінен түскен. Дегенмен республикалық және облыстық трансферттердің кешігуіне байланысты, кейбір жобалар бойынша қаражат уақытша игерілмей қалған. Әкімдік жыл соңына дейін барлық жобаны толық аяқтауды және келесі кезеге арналған бюджеттік жоспарлауды сапалы жүргізуді тапсырды.

Жиында әлеуметтік салаға да кеңінен назар аударылды. Әсел Жаншуақова қазан айында өткен қарттар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған айлықтың қорытындысын баяндады. Айлық аясында 299 қарияға 5,8 млн теңге көлемінде материалдық көмек көрсетіліп, 57 адам шипажайлық емге жолдама алған. Қалада 424 мүмкіндігі шектеулі адам тіркелсе, оның 99-ы – балалар. «Күміс жас» жобасы бойынша 15 азамат жұмысқа орналастырылды, сондай-ақ 9 рет бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтіп, оған 260-тан аса тұрғын қатысты.

Әлеуметтік бастамалардың іске асуы мен инфрақұрылымның дамуы – Қосшы қаласының бүгінгі келбетін айқындайтын басты көрсеткіштер. Әкімдік отырысында айтылғандай, алдағы кезеңде басты міндет – ағымдағы жобаларды толық аяқтап, 2030 жылға дейінгі даму бағдарламасын нақты мақсаттармен үйлестіру.

Осылайша, басқару құрылымдарының үйлесімді жұмысы мен тұрғындар белсенділігінің арқасында Қосшы қаласы Ақмола облысының ең серпінді дамып келе жатқан өңірлерінің біріне айналып отыр. Қаланы газдандыру, тұрғын үй құрылысы, жол мен инженерлік желілерді жаңарту сияқты жобалар – тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған нақты нәтижелер. Ал әлеуметтік қолдау шаралары – Қосшының қазіргі қоғамға және болашаққа бағытталған даму саясатының айғағы.

Ғани АТЫМТАЙ

ҚЫСҚА-НҰСҚА

Ұлттық статистика бюросы биылғы 1 қазанда Қазақстан халқының саны 20 445 231 адамды қамтығанын мәлім етті. Жалпы, жыл басынан бері ел тұрғындарының саны 161 мың адамға артқан. Жіктеп айтқанда, олар: табиғи өсім есебінен – 151 632 адам, көші-қон есебінен – 10 200 адам. Қазір еліміздің 7 өңірінде халық саны 1 миллионнан асып кетті.

Қосшы қаласының Жастар ресурстық орталығы мен полиция бөлімінің қызметкерлері бірлесіп, учаскелік жедел профилактикалық іс-шарасы аясында «Халық патрулі» акциясын ұйымдастырды. Іс-шара барысында тұрғындарға құқықбұзушылықтың алдын алу, интернет алаяқтықтың түрлері мен одан қорғану жолдары туралы кеңінен түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар азаматтарға өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету және күдікті жағдайлар кезінде полицияға жедел хабар беру тетіктері түсіндірілді. Мамандардың айтуынша, акцияның басты мақсаты – қоғамдағы құқықтық мәдениетті арттыру, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтардың құқықтық сауаттылығын дамыту.

Астана қаласының «Өзіңмен» оқырмандар клубы және Қосшы қаласы Орталық кітапханасының «Жаназық» клубы бірігіп, жазушы Оралхан Бөкейдің «Атау-кере» туындысына талдау жасады. Онлайн қонақтар: SDU университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты Береке Жұмақаева және Ғақлия, этнография, тіл, тарих, алтайтану, көшпелілер құндылықтары бойынша лектор, PhD кандидаты, магистр Нұрдаулет Шаймуратов. Жүргізуші: клуб жетекшісі Балжан Ахылбек. Бұл ретте Оралхан Бөкей шығармасындағы тылсым, ұлттық болмыс, ата-дәстүр, адамның ішкі әлемі туралы ойлар қозғалды. Әр қатысушы өз пікірін ортаға салып, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін жан-жақты талдады.

1 қарашада «Зерделі» ақыл-ой орталығымен бірігіп, «Қосшы қаласының мектеп гимназиясы» КММ базасында өткен қалалық олимпиада академиясы сайысына 8 мектептен 120 оқушы қатысты. 3, 4, 5-сыныптар арасындағы бұл сайыста ең алғыр 15 оқушы іріктеуден өтіп, жеңіске жетті. Атап айтқанда, командалық есепте Бас жүлде 160 ұпаймен алға шыққан «IT мектеп-лицейі»-КММ-ге бұйырды. Ал I орынды 130 ұпаймен «Мектеп-гимназия» КММ, II орынды 110 ұпаймен №1 ЖОББМ және №3 ЖОББМ, 100 ұпаймен «Тайтөбе ауылы» ЖОББМ, III орынды 90 ұпаймен №2 ЖОББМ, №4 ЖОББМ және 60 ұпаймен «Дара» ЖМ иеленді. Сондай-ақ жеке сайыста IT мектеп-лицейінің 5-сынып оқушысы Телман Сұлтанбек, мектеп-гимназияның 4-сынып оқушысы Баймырза Ербулан және сол мектеп-гимназияның 3-сынып оқушысы Қанат Димаш жеңімпаз деп танылды.

Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскесі бөлігінің алынуына байланысты жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығаруын бастау туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңдарына сәйкес, Қосшы қаласының 2025 жылғы 11 ақпандағы №60 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен бекітілген, Қосшы қаласының Бас жоспарына сәйкес, Қосшы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Sanai-Nerud» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Қосшы қаласының жер шекарасының ішінде орналасқан, кадастрлық нөмірі 01-011-018-289, ауданы 504,0000 га, оның ішінде 222,000 га жер учаскесін, мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскесінің алынуына байланысты, индустриялық аймақты жобалау және құрылысын салу үшін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару жұмыстары жүргізілсін.

2. «Қосшы қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі:

1) Қазақстан Республикасының «Жылжымайтын мүлікке мемлекеттік тіркеу құқығы туралы» Заңына сәйкес, заңды түрде жер учаскесін мемлекеттік қажеттіліктер үшін алынуына байланысты мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы ескертулерге заңды талап ретінде мемлекеттік тіркеу жүргізілсін;

2) осы қаулының жарияланған күнінен бастап күнтізбелік үш күн мерзім ішінде жер учаскесінің иесі немесе жер пайдаланушыларына пошта арқылы, алдым деген ескерту хабарламасымен, жер учаскесін мемлекеттік қажеттіліктер үшін қолданыстан алуына байланысты мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы ескерту алуы жөнінде міндетті ескерту жіберілсін;

3) мемлекеттік қажеттіліктер үшін учаскесінің алынуына байланысты жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығарылуы жария тәртібі сақталсын.

3. Меншік иесі немесе жер пайдаланушының келісім тәртібін жүзеге асыруына жолығу орны Қосшы қаласы, Республика көшесі, 46 «Қосшы қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып анықталсын.

4. Осы қаулының ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткеннен кейін мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерінің алынуына байланысты жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару жүзеге асырылсын.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау Қосшы қаласы әкімінің орынбасары Ә. Ибраеваға жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және қабылданған кезінен бастап үш күн мерзім ішінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарына ресми жариялануына жатады.

Қосшы қаласының әкімі

А. Қапышев

Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерінің алынуына байланысты жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығаруын бастау туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңдарына сәйкес, Қосшы қаласының 2025 жылғы 11 ақпандағы №60 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен бекітілген, Қосшы қаласының Бас жоспарына сәйкес, Қосшы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Қосшы қаласындағы инженерлік-коммуникациялық желілерді жобалау және салу үшін «К.Г.С.Сауда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет мүқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару жұмыстары жүргізілсін.

2. «Қосшы қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі:

1) Қазақстан Республикасының «Жылжымайтын мүлікке мемлекеттік тіркеу құқығы туралы» Заңына сәйкес, заңды түрде жер учаскесін мемлекеттік қажеттіліктер үшін алынуына байланысты мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы ескертулерге заңды талап ретінде мемлекеттік тіркеу жүргізілсін;

2) осы қаулының жарияланған күнінен бастап күнтізбелік үш күн мерзім ішінде жер учаскесінің иесі немесе жер пайдаланушыларына пошта арқылы, алдым деген ескерту хабарламасымен, жер учаскесін мемлекеттік қажеттіліктер үшін қолданыстан алуына байланысты мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы ескерту алуы жөнінде міндетті ескерту жіберілсін;

3) мемлекеттік қажеттіліктер үшін учаскесінің алынуына байланысты жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығарылуы жария тәртібі сақталсын.

3. Меншік иесі немесе жер пайдаланушының келісім тәртібін жүзеге асыруына жолығу орны Қосшы қаласы, Республика көшесі, 46 «Қосшы қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып анықталсын.

4. Осы қаулының ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткеннен кейін мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерінің алынуына байланысты жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару жүзеге асырылсын.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау Қосшы қаласы әкімінің орынбасары Ә. Ибраеваға жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және қабылданған кезінен бастап үш күн мерзім ішінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарына ресми жариялануына жатады.

Қосшы қаласының әкімі

А. Қапышев

О начале принудительного отчуждения части земельного участка в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

В соответствии с Земельным кодексом Республики Казахстан, Законами Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», «О государственном имуществе», согласно Генерального плана города Косшы утвержденного постановлением правительства Республики Казахстан от 11 февраля 2025 года № 60, акимат города Косшы ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Приступить к принудительному отчуждению части земельного участка в связи с изъятием земельного участка с кадастровым номером 01-011-018-289, площадью 504,0000 га из них 222,000 га для государственных нужд у товарищества с ограниченной ответственностью «Sanai-Nerud» для проектирования и строительства индустриальной зоны в границах города Косшы.

2. Государственному учреждению «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Косшы»:

1) произвести государственную регистрацию уведомления о принудительном отчуждении земельного участка для государственных нужд как юридическое притязание в соответствии с Законом Республики Казахстан «О государственной регистрации прав на недвижимое имущество»;

2) направить собственнику или землепользователю не позднее трех календарных дней после опубликования настоящего постановления письменное уведомление о принудительном отчуждении земельного участка в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд по почте с обязательным получением уведомления о получении почтового отправления;

3) соблюдать гласность процедуры принудительного отчуждения земельного участка в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд.

3. Местом обращения собственника или землепользователя для осуществления согласительных процедур определить государственное учреждение «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Косшы» город Косшы, улица Республика 46.

4. Осуществить принудительное отчуждение земельного участка в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд по истечении трех месяцев с даты официального опубликования настоящего постановления.

5. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Косшы Ибраеву А.

6. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания и подлежит официальному опубликованию в местных средствах массовой информации в течение трех рабочих дней с момента его принятия.

Аким города Косшы

А. Қапышев



О начале принудительного отчуждения земельных участков в связи с изъятием земельных участков для государственных нужд

В соответствии с Земельным кодексом Республики Казахстан, Законами Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», «О государственном имуществе», согласно Генерального плана города Косшы утвержденного постановлением правительства Республики Казахстан от 11 февраля 2025 года №60, акимат города Косшы ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Приступить к принудительному отчуждению земельных участков в связи с изъятием земельных участков для государственных нужд у товарищества с ограниченной ответственностью «К.Г.С. Сауда» для проектирования и строительства инженерно-коммуникационных сетей в городе Косшы, согласно приложению к настоящему постановлению.

2. Государственному учреждению «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Косшы»:

1) произвести государственную регистрацию уведомления о принудительном отчуждении земельного участка в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд как юридическое притязание в соответствии с Законом Республики Казахстан «О государственной регистрации прав на недвижимое имущество»;

2) направить собственнику или землепользователю не позднее трех календарных дней после опубликования настоящего постановления письменное уведомление о принудительном отчуждении земельного участка в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд по почте с обязательным получением уведомления о получении почтового отправления;

3) соблюдать гласность процедуры принудительного отчуждения земельного участка в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд.

3. Местом обращения собственника или землепользователя для осуществления согласительных процедур определить государственное учреждение «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Косшы» город Косшы, улица Республика 46.

4. Осуществить принудительное отчуждение земельного участка в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд по истечении трех месяцев с даты официального опубликования настоящего постановления.

5. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Косшы Ибраеву А.

6. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания и подлежит официальному опубликованию в местных средствах массовой информации в течение трех рабочих дней с момента его принятия.

Аким города Косшы

А. Қапышев

АРДАГЕР ҰСТАЗДЫҢ ЕРЕН ЕҢБЕГІ ЕЛЕНДІ

Білім беру саласында ұзақ жылдар бойы қызмет атқарған Сұлуай Илиясова жақында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» мемлекеттік медалімен марапатталды.

Ол алғаш еңбек жолын 1982 жылы ұстаздықтан бастап, бар ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған. Жалпы еңбек өтілі – 43 жыл, соның ішінде 39 жылы – педагогика саласында. 1998 жылдан бастап Қосшы қаласындағы Рақымжан Қошқарбаев атындағы орта мектепте 27 жыл бойы қызмет атқарып келеді.

2005 жылдан бастап директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

2010 жылдан бастап директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;

2019 жылдан бастап директордың міндетін атқарушы;

2021 жылдан бастап мектеп директоры лауазымын атқарды.

Қысқаша айтқанда, биыл зейнетке шыққан ұлағатты ұстаз осылайша Қосшының білім саласына айтарлықтай еңбек сіңірген. Сол себепті бұл мемлекеттік марапатты Сұлуай Қуанышқызына көрсетілген ілтипат және табанақы, мандай терінің өтеуі десе де болады.

Білім беру саласында ұзақ жылдар бойы қызмет атқарған Сұлуай Илиясова жақында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» мемлекеттік медалімен марапатталды.

Ол алғаш еңбек жолын 1982 жылы ұстаздықтан бастап, бар ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған. Жалпы еңбек өтілі – 43 жыл, соның ішінде 39 жылы – педагогика саласында. 1998 жылдан бастап Қосшы қаласындағы Рақымжан Қошқарбаев атындағы орта мектепте

27 жыл бойы қызмет атқарып келеді. 2005 жылдан бастап директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары; 2010 жылдан бастап директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары; 2019 жылдан бастап директордың міндетін атқарушы; 2021 жылдан бастап мектеп директоры лауазымын атқарды.

Қысқаша айтқанда, биыл зейнетке шыққан ұлағатты ұстаз осылайша Қосшының білім саласына айтарлықтай еңбек сіңірген. Сол себепті бұл мемлекеттік марапатты Сұлуай Қуанышқызына көрсетілген ілтипат және табанақы, мандай терінің өтеуі десе де болады.

2005 жылдан бастап директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары; 2010 жылдан бастап директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары; 2019 жылдан бастап директордың міндетін атқарушы; 2021 жылдан бастап мектеп директоры лауазымын атқарды.

Қысқаша айтқанда, биыл зейнетке шыққан ұлағатты ұстаз осылайша Қосшының білім саласына айтарлықтай еңбек сіңірген. Сол себепті бұл мемлекеттік марапатты Сұлуай Қуанышқызына көрсетілген ілтипат және табанақы, мандай терінің өтеуі десе де болады.



КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛДЫ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаменті 2025 жылдың 3 тоқсанында бірқатар кәсіпкердің құқығын қорғады.

Мысалы, департаменттің ұсынулары мен шағымдар бойынша шешімдерінің негізінде әкімдіктер мен 4 шаруа қожалығы арасында жалпы алаңы 32 000 гектар ауыл шаруашылығына арналған жер учаскелеріне жалдау мерзімі ұзартылды. Бұл шаралар кәсіпкерлерге жалдау мерзімі шегінде 10 миллиард тенгеден аса табыс алып, ауылдық елді мекендерде 15-тен артық жұмыс орындарын сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Қашықтан байқау аясында қабылданған шаралар арқылы бұған дейін мемлекеттік қызмет көрсетуден нормативтік құқықтық актілердегі қарама-қайшылықтарға байланысты бас тартылған инвесторға құны 5 миллиард теңгеден асатын жобаны іске асыруға бөтелкедегі ауыз су өндіретін зауыт салу үшін жер учаскесі берілді.

Тексеру нәтижесінде «Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантинді объектілерге қарсы өңдеулер жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофаттардың) құнын субсидиялау» қызметін алу тәртібінде 178 шаруаның өтінімі 418 миллион теңге субсидия алу үшін резервке қойылды.

Осыған дейін аталған қызмет алушылар белгіленген мерзімдерден кеш қызмет көрсетуден бас тартуларға тап болып, соның кесірінен субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы өтінімдерін қайта тапсыру мүмкіндігінен айырылған.

ҮРҚИЯ МҰСТАФИНАҒА «МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ АРДАГЕРІ» ТӨСБЕЛГІСІ ТАБЫСТАЛДЫ

Ұлттық мереке – Республика күніне арналған салтанатты іс-шара аясында Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов Үрқия Хамитқызы Мұстафинаға «Мемлекеттік қызмет ардагері» төсбелгісін табыс етті.

Бұл жоғары марапат – оның ұзақ жылғы адал еңбегі, биік кәсіби шеберлігі мен мемлекеттік қызметке адалдығының айқын әрі салмақты бағасы.

Үрқия Мұстафина өзінің еңбек жолын 1984 жылы Қорғалжын аудандық ауылшаруашылығы техникасы қоймасының жұмысшысы болып бастаған. 2001 жылдан бүгінгі күнге дейін Ерейментау ауданының экономика және қаржы бөлімінде қызмет атқарып келеді. Қызметтік жолында Үрқия Хамитқызы өзін тәртіпті де жауапты, кәсіби біліктілігі жоғары маман ретінде танытып, терең білім мен мол тәжірибесін айқын көрсетті.

Оның еңбегі жоғары жауапкершілікке негізделіп, шешім қабылдаудағы шашпандығы мен ұқыптылығы арқылы ерекшеленеді. Бұл қасиеттер ұжымның бірлескен жұмыс нәтижелілігін арттыруға елеулі үлес қосып келеді. Өз ісіне деген адалдығы мен кәсібилігінің арқасында ол әріптестерінің де, аудан тұрғындарының да шынайы құрметіне бөленіп отыр.

«Мемлекеттік қызмет ардагері» төсбелгісі – ел дамуына және оның институттарын нығайтуға ұзақ жылдар бойы елеулі үлес қосқан қызметкерлерге көрсетілетін құрметтің ерекше белгісі.

Үрқия Хамитқызын лайықты марапатымен шын жүректен құттықтап, Отан игілігі жолындағы қызметінде толағай табыстар тілейміз.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ТӘРТІПТІК ЖАЗА ЖӨНСІЗ ҚОЛДАНЫЛҒАН

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаменті 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында өңірдегі мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссияларының қызметіне жүргізілген талдау нәтижелерін қорытындылады.

Жүргізілген талдау аясында аталған кезеңде 349 мемлекеттік қызметшінің тәртіптік жауапкершілікке тартылғаны анықталды. Олардың 34-і мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссиялары мен өзге де уәкілетті құрылымдардың ұсынымдары негізінде, ал 315-і тәртіптік комиссиялардың отырыстарында алдын ала қаралмастан жауапкершілікке тартылған.

Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану тәртібінің бұзылғаны анықталды: қызметкерлерден жазбаша түсініктеме талап ету мерзімдерінің сақталмау фактілері тіркелген, ал жекелеген жағдайларда түсініктемелер мүлде сұралмаған. Сондай-ақ тәртіптік жаза қолдану мерзімдерінің бұзылғаны жөнінде деректер анықталды.

Талдау жұмысының нәтижелері бойынша заңдылықты қалпына келтіру мақсатында белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылданған тәртіптік жаза қолдану туралы 23 актінің күші жойылды.

Жүргізілген тексеру нәтижесінде мемлекеттік қызметшіні атқарып отырған лауазымынан негізсіз төмендету фактісі анықталды. Уәкілетті органның араласуы нәтижесінде аталған акт заңсыз деп танылып, қызметші белгіленген тәртіппен бұрынғы лауазымына қайта тағайындалды.

Тәртіптік комиссияның құрамын қалыптастыру барысында мынадай бұзушылықтар болған: жұмыс берушілер тарапынан тәртіптік жауапкершілік мәселесін қарауға уәкілетті тұлғалар (депутаттар мен жергілікті қауымдастық өкілдері) сайланбалы әкімшілік мемлекеттік қызметшілерге қатысты комиссия құрамына енгізілмей отыр.

Тәртіптік жазаларды мерзімінен бұрын алып тастау тәртібінің бұзылғаны анықталды. Атап айтқанда, мерзімінен бұрын алып тастау туралы шешімдер тиісті өкілеттігі жоқ тұлғалардың ұсыныстары негізінде қабылданған. Анықталған бұзушылықтарға байланысты тәртіптік жазаларды мерзімінен бұрын алып тастау жөніндегі 9 актінің күші жойылды.

Жүргізілген талдау нәтижелері Әдеп жөніндегі кеңестің отырысында қаралды. Талқылау қорытындысы бойынша басшыларға осындай бұзушылықтардың алдын алу мақсатында кешенді шаралар қабылдау жөнінде ұсынымдар берілді.

АҚМОЛАЛЫҚ АЗАМАТ ПРЕЗИДЕНТТІК ЖАСТАР КАДР РЕЗЕРВИНЕ ҚАБЫЛДАНДЫ

Ақмола облысы цифрландыру және архивтер басқармасының басшысы Мағжан Ержан «Цифрландыру» бағыты бойынша Президенттік жастар кадр резервіне қабылданды.

Мағжан Қайратұлы Еуразия технологиялық университетін, Қазақ Еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясын және Қазақ қатынас жолдары университетін тәмамдаған.

Еңбек жолын 2014 жылы Алматы қаласындағы жеке логистикалық компанияда маман ретінде бастаған, кейін оператор, бөлім басшысы лауазымдарын атқарған. 2019-2021 жылдары «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ цифрландыру кеңсесінде маман, менеджер, бас менеджер, сервис бойынша басқарушы директор, 2021-2022 жылдары ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінде министрінің кеңесшісі ретінде жұмыс істеген. 2024 жылы «Цифрлық трансформация қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі бас директорының орынбасары, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ сапаны бақылау департаментінің директоры қызметтерін атқарған.

Еске сала кетсек, 2025 жылғы 24 қазанда ҚР Президентінің жанындағы Жастар кадр резерві жөніндегі ұлттық комиссияның отырысы өткен болатын. Оның қорытындысы бойынша 50 адам Президенттік жастар кадр резервіне қабылданды.

Осы жылдың маусым айынан бастап қазан айына дейін резервке іріктеу жүргізілді. Құжаттарды қабылдау кезеңінде жобаның ресми сайтында 31 859 адам тіркелді. Бұл еліміздің жас мамандары тарапынан жобаға деген жоғары қызығушылықты көрсетеді.

Төртінші іріктеудің басты жаңашылдығы – мемлекеттік аппарат үшін аса сұранысқа ие салалық бағыттар бойынша резервті қалыптастыру болды. Қандидаттар мына белгіленген квоталарға сәйкес қабылданды:

- «инфрақұрылымды, өнеркәсіпті дамыту және сауда саясаты» бағыты бойынша – 8 адам;
- «агроөнеркәсіптік кешен және қоршаған ортаны қорғау» бағыты бойынша – 9 адам;
- «сыртқы саясат және инвестициялар» бағыты бойынша – 8 адам;
- «экономикалық және қаржылық саясат» бағыты бойынша – 7 адам;
- «цифрландыру» бағыты бойынша – 9 адам;
- «әлеуметтік саясат және азаматтық қоғам» бағыты бойынша – 9 адам.

Жаңадан қабылданған резервшілердің толық тізімі жобаның pkrezerv.gov.kz ресми сайтында жарияланды.

Резервке алынған сәттен бастап 3 жыл ішінде резервшілер саяси мемлекеттік лауазымдарға, «А» корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына, сондай-ақ «Б» корпусының басшылық лауазымдарына тағайындалуы мүмкін.

УАҚЫТ РЕЖИМІН САҚТАУ МЕН ҚАШЫҚТАН ЖҰМЫС ІСТЕУ ТӘРТІБІ ҚАРАЛДЫ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаменті әдеп жөніндегі уәкілдер мен персоналды басқару қызметтерінің (кадр қызметтерінің) өкілдеріне арналған семинар өткізді. Іс-шара барысында жұмыс уақыты режимінің сақталуын қадағалау нәтижелері, сондай-ақ қашықтан жұмыс істеу, аралас қашықтан жұмыс істеу және икемді жұмыс уақыты режимін қолдану тәжірибелері талқыланды.

Бақылау және қол жеткізуді басқару жүйесінің деректері бойынша 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында 154 мемлекеттік қызметші үстеме жұмысқа тартылды. Олардың үстеме жұмысының жиынтық ұзақтығы 283 сағат 37 минутты қамтыды. Алайда қызметшілерге тиісті өтемақы, демалыс күндері немесе сағаттары берілмеген. Департаменттің араласуынан кейін қызметшілердің құқығы қалпына келтірілді, мемлекеттік органдар тарапынан демалыс беру туралы тиісті актілер қабылданды.

Мемлекеттік органдар ұсынған ақпаратқа сәйкес, облыс аумағында қызмет атқаратын 28 қызметшіге икемді жұмыс уақыты режимі белгіленген. Оның ішінде 8 қызметші жергілікті атқарушы органдарда, ал 20 қызметші орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінде қызмет атқарады.

Демалыс және мереке күндері 212 мемлекеттік қызметші қызметтік міндеттерін орындауға тартылды. Олардың қатарында 80 жергілікті атқарушы органдар және 132 орталық мемлекеттік органдар аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлері бар. Еңбек заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында 88 қызметшіге тиісті ақшалай өтемақы төленіп, 124 қызметшіге демалыс күндері берілді.

Мемлекеттік органдарға бару арқылы жұмыс уақыты режимінің сақталуына мониторинг жүргізу аясында 6 мемлекеттік орган қамтылды. Жүргізілген тексерулердің нәтижесінде 21 бұзушылық анықталып, белгіленген тәртіппен 6 акт жасалды.

Мемлекеттік қызмет саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және мемлекеттік қызметшілер құқығының сақталуын қамтамасыз ету шеңберінде семинар қатысушыларының назары қолданыстағы заңнама нормалары мен талаптарын бұлжытпай сақтау қажеттілігіне ерекше аударылды.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Ақмола облысы бойынша департаментінің ақпараты

МЕТОДЫ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ КОРРУПЦИИ

В настоящее время коррупция является одной из основных проблем современного общества, напрямую влияющей на уровень жизни и достаток граждан. Ни одно государство в мире полностью не искоренило коррупцию, удается лишь снизить ее уровень. Отрадно, что наше государство активно борется с данным социальным злом, ярким подтверждением этому являются меры, принимаемые для ее снижения.

Стоит отметить, что в 2022 года утверждена Концепция антикоррупционной политики Республики Казахстан на 2022 - 2026 годы. С момента принятия Антикоррупционной стратегии Республики Казахстан на 2015-2025 годы, проведена колоссальная работа по минимизации коррупции в нашем государстве.

Так, Законом РК «О государственной службе Республики Казахстан» обеспечен переход к «карьерной» модели государственной службы, внедрены принципы меритократии через механизмы открытого конкурсного отбора, продвижения на основе компетентности. Сокращены условия для командных перемещений, фундаментально пересмотрена система оценки эффективности государственных служащих, проведено апробирование новой системы оплаты труда в зависимости от результатов работы.

Благодаря данным нововведениям у всех граждан есть возможность занять желаемую должность вне зависимости от его материального,



социального положения и статуса; наличие родственных связей и знакомств в верхних эшелонах власти также не влияет на его трудоустройство. То же самое касается и действующих государственных служащих при продвижении их по службе.

Введение новой системы оплаты труда для государственных служащих весьма положительно сказывается на формировании нулевой терпимости к коррупционным правонарушениям.

Стоит отметить, что для противодействия коррупции активно используется потенциал общественности, усилен общественный контроль, представленный целым рядом неправитель-

ственных организаций. При Агентстве по противодействию коррупции созданы Специальные мониторинговые группы, которые состоят из представителей общественности, главная их цель - оценка реализации Антикоррупционной стратегии.

Одним из важнейших факторов противодействия коррупции является автоматизация бизнес-процессов. Государственная программа «Цифровой Казахстан» призвана создать удобства для получения государственных услуг казахстанцев, а также исключить прямой контакт при обращении в государственные органы.

На сегодняшний день получить государственную услугу можно по принципу «одно окно», достаточно обратиться в центры обслуживания населения либо через Портал Электронного Правительства (www.egov.kz).

Помимо профилактических мер, также усилена ответственность за коррупцию и обеспечение неотвратимости наказания. Введен пожизненный запрет на трудоустройство на государственную службу и в субъекты квазигосударственного сектора для лиц, совершивших коррупционные преступления.

Помимо всего прочего, для осужденных за тяжкие и особо тяжкие коррупционные преступления исключена возможность применения условно-досрочного освобождения. Установлен запрет на отбытие наказания за взяточничество сразу в учреждении минимальной безопасности.

Введен институт персональной ответственности руководителей государственных органов, организаций, субъектов квазигосударственного сектора за коррупцию подчиненных. Руководитель несет ответственность за действия своих подчиненных; зарегистрированные факты совершения ими коррупционных правонарушений свидетельствуют о слабой профилактической работе и отсутствия контроля со стороны руководства.

Коррупция – одна из важнейших угроз национальной безопасности государства, наряду с терроризмом и снижением уровня обороноспособности страны. Неспроста данному вопросу уделяется особое внимание со стороны Президента Республики Казахстан и Правительства. Искоренение коррупции в государстве положительно сказывается на всех сферах жизнедеятельности: здравоохранение, образование, социальное обеспечение и т.д.

Противостоять этому недугу – обязанность каждого гражданина страны!

«ART Stroi» ЖШС, БСН 180140042488 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек Би атындағы ауданы, Ерубасев көшесі, 34 үй. Тел.: 8 702 021 15 79

ТОО «ART Stroi» БИН 180140042488 соошсаат о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Карагандинская обл., г.Караганда, р-н имени Қазыбек Би, ул.Ерубасева, д.34. тел.: 8 702 021 15 79

«Есбот» ЖШС, БСН 230640014038 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 235 үй, 60 пәтер Тел.:8 701 088 33 00

ТОО «Есбот» БИН 230640014038 соошсаат о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Алматы, Бостандықский р-н, проспект Нұрсұлтан Назарбаев, д.235, кв.60. тел.: 8 701 088 33 00

«ПТО Косшы» ЖШС, БСН 220840051931 өз қызметінің тоқтатылатынын хабарлайды. Талап-арыздар мен өтініштер осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы, Қосшы қаласы, Лесная поляна, 33-үй, пәтер 57 Тел.: +7 776 193 99 95

«ПТО Косшы» БИН 220840051931 соошсаат о прекращении своей деятельности. Требования и заявления принимаются в течение двух месяцев со дня публикации данного объявления по адресу: Акмолинская область, город Косшы, ул. Лесная поляна, дом 33, квартира 57 Тел.: +7 776 193 99 95

«СтройСнабТорг КЗ» ЖШС, БСН 230140037603 өз қызметінің тоқтатылатынын хабарлайды. Талап-арыздар мен өтініштер осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы, Қосшы қаласы, Лесная поляна, 33-үй, пәтер 57 Тел.: +7 776 193 99 95

«СтройСнабТорг КЗ» БИН 230140037603 соошсаат о прекращении своей деятельности. Требования и заявления принимаются в течение двух месяцев со дня публикации данного объявления по адресу: Акмолинская область, город Косшы, ул. Лесная поляна, дом 33, квартира 57 Тел.: +7 776 193 99 95

«ASIA EVEREST group» ЖШС, БСН 221040042994 өз қызметінің тоқтатылатынын хабарлайды. Талап-арыздар мен өтініштер осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы, Қосшы қаласы, Сарыарқа көшесі, 34-үй. Тел.: +7 701 130 84 35

ТОО «ASIA EVEREST group», БИН 221040042994 соошсаат о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по следующему адресу: Акмолинская область, г. Косшы, ул. Сарыарқа, д.34. Тел.: +7 701 130 84 35

Представительство Общества с ограниченной ответственностью «МАРКЕТСИ» в городе Астана, БИН 240942003591 соошсаат о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Алматы, пр. Бауыржан Момышұлы, д.16, кв.285. тел.: 8 707 855 03 83

«МАРКЕТСИ» ЖШС-ның Астана қаласындағы өкілдігі, БСН 240942003591, өз қызметін тоқтатылатынын хабарлайды. Талап-арыздар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қ., Алматы ауданы, Бауыржан Момышұлы даңғылы, 16-үй, 285-пәтер. Тел.: 8 707 855 03 83.

«Fix and Drive» ЖШС, БСН 240640009380 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Айтиев көшесі, 154/1 үй, 240 кеңсе Тел.:8 701 260 90 56

ТОО «Fix and Drive» БИН 240640009380 соошсаат о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Алматы, Алмалинский р-н, ул. Айтиева, д.154/1, офис 240 тел.: 8 701 260 90 56

«RDA Лидер» ЖШС, БСН 170740015016 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Жетиген көшесі, 39 үй. Тел.: 8 701 260 90 56

ТОО «RDA - Лидер» БИН 170740015016 соошсаат о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Байқоңыр, ул.Жетиген, д.39. тел.: 8 701 260 90 56

«Rustem&N» ЖШС, БСН 241040013598 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Қарасай Батыр көшесі, 25/1 үй, 30 пәтер Тел.: 8 778 792 48 33

ТОО «Rustem&N» БИН 241040013598 соошсаат о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Сарыарқа ул. Карасай Батыра, д.25/1, кв.30. тел.: 8 778 792 48 33

«МАГ_фуд» ЖШС, БСН 210640003326 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Байзакова көшесі, 223 үй. Тел.: 8 775 370 80 20

ТОО «МАГ_фуд» БИН 210640003326 соошсаат о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Алматы, Алмалинский р-н, ул. Байзакова д.223. тел.: 8 775 370 80 20

«Nice Holiday» ЖШС, БСН 110240008153 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Алатау ауданы, Амангельды көшесі, 59А үй. Тел.:8 747 657 58 87

ТОО «Nice Holiday» БИН 110240008153 соошсаат о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Алматы, Алатауский р-н, ул. Амангельды д.59А тел.: 8 747 657 58 87

«SevaLine» ЖШС, БСН 241140010606 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Айтиев көшесі, 154/1 үй, 240 кеңсе Тел.: 8 701 260 90 56

ТОО «SevaLine» БИН 241140010606 соошсаат о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Алматы, Алмалинский р-н, ул. Айтиева, д.154/1, офис 240 тел.: 8 701 260 90 56

«PRIDE-COMPANI» ЖШС, БСН 180340031759 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Евгений Брусиловский көшесі, 2 үй, 145 пәтер. Тел.:8 702 299 85 89

ТОО «PRIDE-COMPANI» БИН 180340031759 соошсаат о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Алматы, ул.Евгений Брусиловский, д.2, кв. 135. тел.: 8 702 299 85 89



ҚОСШЫЛЫҚ ҰЛЫС ҚОЛҒА АЛҒАН ҰЛЫ ІС

Бүгінде Қосшы қаласы – елдің рухани және әлеуметтік жаңғыруының көрінісін айқын аңғартатын жас, бірақ қарқынды дамып келе жатқан шаһарлардың бірі. Мұнда 60 мыңнан аса тұрғын бар десек, олардың 8 пайыздан астамын өзге этнос өкілдері қамтып отыр. Қаланың қоғамдық өмірінде ұлтаралық келісім мен татулықтың сақталуы, түрлі этнос өкілдерінің ортақ мақсат пен бір мүдде жолында бірігуі – Қазақстан қоғамының бірегей ерекшелігін көрсетеді.



Еске сала кетсек, Ақмола облысы бойынша ұйымдастырылған Qazaqtime байқауына Қосшы қаласының тұрғындары белсенді қатысып, өзара мәдени байланыс пен достықтың шынайы үлгісін көрсеткен болатын. Сол сәтте этнос өкілдері Александр Григория, Инна Анатольевна және Амир Рифович қазақ халқының ұлттық бас киімдерін таныстырып, ұлттық дәстүр мен киім мәдениетінің терең мағынасын көпшілікке паш етті.

Бұл шара тек сәндік немесе мәдени көрініс қана емес, әр этностың қазақ мәдениетіне деген құрметін, оның тарихы мен салт-дәстүрін тануға деген ұмтылысын айқындады. Әрине, осындай игі істердің өзге ұлт өкілдерінің қазақ қоғамымен рухани жақындасуына

және ортақ мәдени кеңістік құруға зор ықпал ететіні сөзсіз.

Қосшыда мемлекеттік тілге деген қызығушылық жылдан жылға артып келеді. Этнос өкілдері қазақ тілін үйреніп қана қоймай, оны күнделікті өмірде белсенді қолдануға талпынып отыр. Ал бұл үрдіс ел бірлігінің берік іргесін нығайтып, мәдени және әлеуметтік байланыстарды тереңдетуде ерекше рөл атқарады.

Мысалы, Қосшы қалалық Тілдерді оқыту орталығының тыңдаушысы Александра Мазуренко қазақ тілін үйренуге деген ынтасы арқылы өзге азаматтарға үлгі бола білді. Сонымен қатар қала тұрғыны Зарина Ветрова қазақ тілін меңгеру арқылы ұлттық

құндылықтар мен дәстүрге деген құрметтің жаңа деңгейіне көтерілгенін айтады.

Иә, тәуелсіз елде мемлекеттік тілді меңгеру дегеніміз – тек тілдік дағды емес, мәдениет пен рухани кеңістікке жол ашатын көпір. Осы бағыттағы бастамалар ел ішіндегі татулық пен өзара сыйластықты нығайтып, көпэтносты қоғамымыздың біртұтастығын қамтамасыз етеді.

Қосшы да елдегі этносаралық келісім саясатының өміршеңдігін дәлелдейтін аймақтардың бірі ретінде қалыптасқан. Қазір бұл қаланың қоғамдық өмірінде түрлі ұлт өкілдері бірлесіп жұмыс істеп, ортақ жобаларды іске асырып келеді. Мәдени іс-шаралар мен қоғамдық акцияларда әр этнос өкілі өзін елдің

тең құқықты азаматы ретінде сезінеді. Ал мұндай ортада ұлттық ерекшелікті сақтау мен өзара құрмет қағидасы қатар өрбиді десек, артық айтқандық емес.

Қазақ халқының дәстүрі мен мәдениетіне сүйене отырып, Қосшыдағы басқа ұлт өкілдері де ұлттық рух пен адамгершілік құндылықтардың ортақ екенін жақсы түсініп отыр.

Қаладағы ұлтаралық татулық – тек бейбіт өмірдің кепілі емес, ел болашағына бағытталған стратегиялық құндылық. Сол себепті мұндағы әрбір этнос өкілі өз еңбегі мен белсенділігі арқылы ортақ қоғамның дамуына үлес қоса береді деп сенеміз.

Ерік ЕЛЕУСІЗ

ҚАЛА ХАЛҚЫ ДӘРІХАНАШЫҒА ДӘН РИЗА

Қосшы қаласындағы науқастанып қалған әрбір жан №1 қалалық емханаға келген сайын жылы жүзбен жымыя қарсы алатын бұл әйелді жақсы таниды. Өйткені олардың сұраған дәрі-дәрмегін дереу тауып беріп, ілтипат білдіріп тұратын жанды кім ұмытсын?.. Сол шуақты көңілдің, мейірімге толы орта мен шынайы қызметтің артында тұрған жан – дәріхана меңгерушісі Людмила Анатольевна Горская.

Сабырлы, көпшіл, әр пациентіне жылы сөзін аямайтын Людмила Анатольевна өз ісін жай ғана жұмыс емес, өмірлік борыш деп біледі.

Ол 1967 жылдың 17 қарашасында бұрынғы Целиноград облысы Шортанды ауданының Дамса ауылында дүниеге келген. Оның өмір жолы ХХ ғасырдағы тарихи көші-қонның бір көрінісі іспетті. «Атам мен әжем, сондай-ақ әкем 1936 жылы Украинадағы Хмельницкий облысынан Қазақстанға жер аударылған. Ал анам 1956 жылы Белоруссиядан тың көтеруге келіпті», – дейді ол өткенді еске алып.

Осылайша, әр ұлттың өкілдері қазақ жерінде тоғысып, ортақ тағдырмен біте қайнасып, жаңа өмір бастаған. Ал олардың балалары мен немерелері – бүгінгі егемен елдің азаматтары, дәрігер, ұстаз, дәріханашы...

1984 жылы Дамса орта мектебін бітірген соң, Людмила Анатольевна Шымкент қаласындағы Алматы фармацевтика институтының филиалына оқуға түседі. Сол кездің өзінде ол өмірін медицинамен байланыстыруды мақсат еткен.

«Фармацевт болу – тек дәрі беру емес, адамның жанын түсіну, оған қолдау көрсету. Кейде жылы сөздің өзі ем болады», – дейді кейіпкеріміз күлімсіреп.

Институтты тәмамдаған соң жас маман туған жеріне оралып, Шортанды аудандық ауруханасында провизор, яғни дәріхана меңгерушісі болып жұмысқа орналасқан. 35 жыл бойы бір салада, бір мақсатта, бір жүректен қызмет ету үлкен еңбек пен адалдықтың айғағы болса керек.

Ол жылдар бойы дәрі-дәрмек тапшылығы, денсаулық сақтау саласындағы реформалар, жаңа технологиялар мен пандемия сияқты талай өзгерістерді көрді. Бірақ барлығында ол өз мамандығына деген сүйіспеншілікті жоғалтпады.

2024 жылы Людмила Анатольевна отбасымен бірге Астанаға қоныс аударып, кейін Қосшы қаласына келіп, №1 қалалық емханада дәріхана меңгерушісі қызметін атқара бастады.

«Қосшы – ерекше қала. Мұнда адамдар мейірімді, жылы жүзді. Қала күннен күнге көркейіп келеді. Болашағы зор деп сенемін», – дейді ол.

Людмила Анатольевна – өз ісінің маманы ғана емес, өмірге құштар, көпшіл жан. Қазақ тілі курстарына қатысып, мемлекеттік тілді үйренуге ерекше ықыласпен кіріскен.

«Қазақ тілі сабағы өте қызықты өтеді. Мұғалімдеріме ризамын. Тілді меңгеріп, жерлестеріммен қазақша сөйлескім келеді», – дейді ол.

Бұған қоса, Людмила Анатольевна шығармашылықты да ұнатады. Ән айту – оның сүйікті ісі. Быыл 26 қыркүйекте Қосшы қалалық мәдениет үйінде өткен «Star Duet» байқауында ол Мәдениет үйінің әншісі Азат Тұранелмен бірге сахнаға шықты.

«Екі апта бойы дайындалдық. Бір әнді қазақ тілінде, екіншісін орысша орындадық. Көңілді, думанды болсын деп қазақша әнді өзім ұсындым. Әріптестерімнің қолдауы ерекше күш берді. Сол сәтті ұмытпаймын», – дейді ол.

Бұл кейіпкеріміздің еңбекқорлығын ғана емес, рухани байлығын да көрсетеді. Өмірдің қандай кезеңінде де өзіне шабыт



таба білу – нағыз мықтылық.

Людмила Анатольевнаның өмірінің өзегі – отбасы. Жолдасы Владимир Иванович Горский – Астана қаласындағы №3 автобус паркінде жүргізуші. Екі ұлы да білімді, еңбекқор азамат болып ержеткен. Үлкен ұлы Антон Астана қаласының Аграрлық университетін бітіріп, қазір Мәскеуде энергетик мамандығы бойынша жұмыс істеп жүр. Кіші ұлы Данил – Омбы политехникалық институтының түлегі, Астанада тұрады және инженер болып қызмет етеді.

«Отбасым – менің тірегім. Ерім мен балаларым әрдайым қолдау көрсетеді. Осы бақыттың бәріне шүкіршілік етемін», – дейді ол шынайы ризашылықпен.

Көпті көрген, өмірдің ыстығы мен суығын басынан өткерген Людмила Анатольевна қазір де сол балауса көңілмен, таза жүректен өмір сүріп келеді.

«Мен жұмысымды жақсы көремін. Өйткені бұл – адамдарға көмектесу, олардың жағдайын түсіну. Барша жұртқа тілегім – елімізде бейбітшілік болсын, ешқандай қасірет болмасын», – дейді ол.

Осы бір қарапайым, бірақ жүректен шыққан тілекте оның бүкіл болмысы көрініп тұрғандай.

Мейірім мен еңбектің, адамгершіліктің пен рухтың үлгісі болған Людмила Горская сияқты жандар – қоғамның ең үлкен байлығы, көпұлтты елдің шынайы бейнесі іспетті. Ол – поляк ұлтынан шыққанмен, қазақ топырағында тамыр жайып, осы елдің тілін, дәстүрін құрметтеп, рухына жақындаған жан. Қазақ тілін үйренуге деген ұмтылысы, халық әнін сахнада шырқай алуы – тек тілге деген қызығушылық емес, елге деген құрметтің көрінісі болса керек.

Кейіпкеріміздің өмір жолы – қарапайым еңбектің қадірі мен адамдық жылылықтың үлгісі. Оның өмірінен байқалатын сабыр, еңбекқорлық, өмірге сүйіспеншілік – бүгінгі қоғамға жетпей жүрген ең қымбат қасиеттер.

Қорыта айтқанда, Қосшының тыныс-тіршілігіне етене араласқан Людмила Анатольевна сияқты жандар – уақыттың шынайы қаһармандары. Олар күнделікті еңбегімен өмірдің мәнін ұқтырып, қоғамның ең жарқын беттерін жазып жүр.

Қосшы сияқты жас қала дәл осындай адамдармен өсіп келеді. Мейірімді де еңбекқор жандардың еңбегімен қаланың іргесі бекиді, рухы қалыптасады.

Ғани АТЫМТАЙ

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ӘДІС-ТӘСІЛ

Бүгінде қазақ тілін оқыту тек грамматиканы меңгерту емес, сонымен қатар коммуникативтік құзыреттілікті дамытуға бағытталған. Сабақта әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың тілдік белсенділігі артады, сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу дағдылары кешенді түрде дамиды.

Қазір барлық технологиялар дамып жатқан кез болғандықтан, кез келген салада заманауи әдіс тәсілдерді пайдалана отырып, оларды жоғары деңгейде өткізуге болады. Мысалы, мектеп, құрылыс, спорт саласы, т.б.

Айтпағым, өз басым осы заманауи технология мен әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, өз салам, яғни білім беру жолында көптеген нәтижеге қол жеткіздім. Мен – этнос өкілдеріне қазақ тілін үйрететін оқытушымын. Әрбір сабағымды заман талабына сай түрлендіріп, қызықтырып, заманауи технологиялар, яғни соның ішінде түрлі платформаларды пайдалана отырып, олардың қызығушылығын арттырамын. Оларға тіл үйренудің ең қарапайым және оңай тәсілдерін осы платформалар арқылы сабақта айтып, көрсетіп түсіндіремін.

Мысалы, осында 2 ай бұрын Қазақстан халқы тілдері мерекесі аясында біздің Тілдерді оқыту орталығында «Мемлекеттік тілді оқытудың заманауи технологиялары» тақырыбында облыстық семинар-кеңес өтті. Сонда мен «Қазақ тілін үйрену – жаңашыл әдіс пен заманауи технологияның тоғысында» атты тақырыппен этнос өкілдерін қосып, арнаулы сабақ көрсеттім. Ол сабақта біз облыстан және аудандардан келген басшылар мен оқытушыларға және әдіскерлерге күнделікті сабақта қандай платформалар қолданатынымызды, сондай-ақ оның атаулары мен қолданылу жолын көрсеттік.



Сабақтың міндеті:

- жаңашыл әдістерді қолдану;
- заманауи технологияны пайдалану;
- сөздік қор мен сөйлеу дағдысын дамыту;
- онлайн-платформалар;
- мобильді қосымшалар;
- жасанды интеллект құралдары;
- виртуалды және толықтырылған шындық арқылы дәстүрлі тәсілдер мен заманауи технологияларды ұштастырып, сабақ тақырыбын ашып, қызығушылығын ояту.

Бұл ретте Google slides, Kahoot, Gemini, Suno платформалары тек қазақ тілінде ғана емес, кез келген салада пайдалануға қолайлы. Ал оларды кімде-кім үйренуге қызығушылық танытса, тікелей бізге келуіне болады.

Айнұр ТЕЛҚОЖАЕВА,
Қосшы қаласы «Тілдерді оқыту орталығы»
КММ қазақ тілі оқытушысы



Қазақстанның Германия Федеративті Республикасындағы, Австрия Республикасындағы тұңғыш Төтенше және өкілетті елшісі, сонымен қатар Біріккен Ұлттар Ұйымының Вена қаласындағы өкілді-гінің және Қазақстанның ЕҚКҰ-дағы тұңғыш Тұрақты өкілі Сағынбек Тоқабайұлы Тұрсыновтың озық ойлы, өз ұлтын шын сүйетін, өзге жұртты шын құрметтей алатын зиялы қайраткер екенін жүріп өткен бүкіл өмір жолындағы іздері айқындап тұрғандай. Тұңғыш елші болудың қиындығы мен қызығын Сағынбек Тұрсыновтың пешенесіне жазылуының өзінде кездейсоқтық жатпағаны ақылға сыяды.

қызметкерлерге Бурцев қалай ойлау мен қалай сөйлеуге дейін үлгі бола білді. Оның үстіне екі елдің экономикалық байланыстарына да жауапты маман осы азамат болды.

Ал саяси қарым-қатынастар, қорғаныс істеріне байланысты мәселелерге елшілік жұмысынан тәжірибесі бар Сергей Иванович Держиевті кеңесші ретінде тартты. Ол Германиядағы саяси партиялармен, бундестагпен (Парламентпен), қоғамдық ұйымдармен байланысты ұйымдастыру мәселелерімен айналысты. Елшінің сенімін толықтай ақтап, С.Держиев екі ел арасындағы ынтымақтастыққа зор үлесін қосты.

Елшілікте консулдық қызметтің орны ерекше әрі аса жауапты болды. Өйткені ең көп жұмыс

бөлек, Қазақстанға қайтқысы келетін адамдарға да үздіксіз қызмет көрсету қоса жүреді. Жеке шаруасымен, іскерлік сапармен, аралау себептермен виза сұраушыларда толас жоқ кезеңге тап келген. Елшіліктің консулдық қызметі барыс-келіс сапарларын реттейтін виза, яғни елге кіруге кедергі болмаса, рұқсатнама, штамп берумен айналысу керек. Әр елдің тәртібі мен заңына бағынып, мемлекеттік мүддені сақтауға қызмет ететін виза берудің өз өлшемдері бар. Мұндай жұмыс қисапсыз әрі толассыз болады. Күн сайын елшілікке адамдар келіп-кетіп жатады. Сондай-ақ бұл елдің азаматтары тарапынан Қазақстанға баруға рұқсат беретін визаларды кешіктіру елшіліктің ғана емес, мемле-

үшін жаңа көзкіектердің ашыла бастағанының да еңсемізді тік-теу әсері ұшан-теңіз болатын.

Туған елінің ертеңін ойлаған елші Сағынбек Тұрсынов даму дәрежесі керемет бұл елден алар оң үлгінің көп екеніне шын қызыққан. Шетел инвестициясын талап еткен Қазақстан жағдайында елшіліктің алда тұрған міндеттерінің бірі – елге Германия Үкіметінен бастап, жеке инвесторларға дейін тартуға жұмыс істеу болатын. Бірлескен кәсіпорындар құру, жаңа заманғы техникаларды игеру, бос тұрған өндіріс алаңдары көп елімізде отандық экономиканы сырт күштердің көмегімен жандандыру сол уақыттың басты талабына айналды.

Германияда елшілікте өткен

істер, қорғаныс және қауіпсіздік мәселелері жөніндегі комитет мүшесі, «Нұр-Отан» халықтық-демократиялық партиясының мүшесі болды. Сондай-ақ ел азаматы ретінде айықталып, «Құрмет белгісі», «Құрмет», «Парасат», III дәрежелі Барыс ордендерінің иегері атанды. Халықаралық марапаттары да жетерлік. Атап айтсақ, Халықаралық Франс Кафка атындағы сыйлықтың лауреаты, Венгрия Республикасындағы Карцаг қаласының Құрметті азаматы. Бұдан бөлек, БҰҰ-ның Алтын медалін кеудесіне таққан Сағынбек ағамыз, айта берсе, Отанына адалдық пен толассыз төккен тер, еткен еңбегінің зейнетін айқын көрсеткен талай игілікті атауларға бек лайық.

Сонымен бірге, ол – қазақ

ТҰҢҒЫШ ЕЛШІЛЕРДІҢ БІРІ – ТҰРСЫНОВ

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан өз егемендігін алып, тәуелсіздігімізді жариялаған бетте еліміздің сыртқы саясаты оң жолда болсын деп әрі сыртқы байланыстың маңыздылығын ескеріп, президентіміз әлемнің ең ірі елдерінде, тікелей қарым-қатынас жасауға міндетті мемлекеттерде тез арада елшіліктер ашу қажеттігін түсінді. Кез келген елдің қандай екенін әуелі елшісіне қарап бағалайтын көзқарастың адам психологиясына тән ерекшелік екенін ұқсандықтан, ел басшылығы Еуропаның ең ірі, ең қуатты, экономикасы мен мәдениеті озық мемлекеті – Германия Федеративті Республикасына тұңғыш елші лауазымына Сағынбек Тоқабайұлы Тұрсыновты лайық көрді.

Содан соң көп кешікпей, Бонн қаласында 1993 жылғы тамызда Сағынбек Тұрсынов Қазақстанның Төтенше және өкілетті елшісі ретінде Германияның Федеральдық президенті Рихард фон Вайцеккер мырзаның қабылдауында болып, Сенім грамотасын алғаш тапсырған күн екі елдің ресми байланысқа қадам басқан сәті саналды. Сенім грамотасын үлкен мемлекеттің мәртебелі басшысына тапсыруын біздің елші Сағынбек Тоқабайұлы басына қонған бақ құсындай шапкі сезінген. ГФР президентінің Қабылдау сарайында дербес елдің елшісі болып, салтанатты шақты бастан кешкеніне шаттанғаны әлі күнге дейін қаз-қалпында есінде. Атамекен аспаны Сарыарқаның көгінде ұшар биікте қанатын кең жайып, қалықтай ұшқан асқақ қыранды талай көргені бар. Әнұран айтылып, Қазақстанның көк Туы – еліміздің байрағы көтерілген мезетте жан толқынысынан туған күшті сезім сол бір киелі суретті жүрегінде жаңғыртып жіберді.

Дербестікке ие болған Қазақстан мемлекетін алғаш таныған, оның тәуелсіздік алғанына қуанып, жарқын болашағына сенім білдіріп, өсіп-өркендеуіне тілекші бола білген қуатты елдің бірі Германия болатын. Германия Еуропалық кеңесте төрағалық етіп отырғандықтан, президент Рихард фон Вайцеккер мырза бұл кездесуде өз алдына жеке елге енді ғана айналып, қаз басқан Қазақстан Республикасына ол елдер тарапынан да көмек ұйымдастырып жатқанын, еліміз дүниежүзіне ортақ адамзаттық құндылықтарды қорғауға бағытталған саясат ұстанып, бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға

мүдделі екенін ілттипатпен ауызға алды.

Сенім грамотасын қазақ тілінде оқып тапсырған кезде біздің елші қазақ тілі дипломатия үшін жұпыны тіл еместігін қасында тұрған аудармашы жолма-жол ілеспе тәржіманы нақты жасап тұрған сәттегі президент Рихард фон Вайцеккердің шынайы ықыласынан байқап қояды. Жоғары мәртебелі ел басшысы аударманы мұқият тыңдауымен қатар, елшінің өз аузынан шыққан қазақша сөздерге де зейін салып тұрғандай көрінгені бекер емес. Біздің пайымдауымызша, бұрыннан елімізді мекендейтін неміс диаспорасы бар, тарихтың қатал мезгілдерінде жер аударылып келген шерменде халықтарға құшағы кең халықпыз ғой. Неміс пен қазақ бір-бірін жатсынбай, бірінің тілін бірі тез үйреніп алған фактілер аз кездеспейді. Мұның бір себебі, тілдегі ұқсас дыбыстардың екі халыққа да ортақ болғаны деп ойлауға болады. Президент мырза осы сәтте ана тіліне үндес дыбыстарды ұйып тындап, іштей бір ризашылық сезімі оянуы әбден мүмкін.

Тұңғыш елшілердің басынан кешкен қиындықтарды 30 жылдан асқан соң кейінгі жас дипломаттарға сабақ болсын деп саралап кетейік. Сағынбек Тоқабайұлы елші болып қызметке кіріскен мезетте оның алдында оң шешілуді тосып тұрған ірілі-ұсақты проблемалар тұрды. Ең әуелгі міндет – елшілікке лайықты білікті мамандар табу. Кадр саясаты көп нәрсені шешіп, жұмыс қарқынын оңтайластырып, елшілікті өз міндетін айқын білетін мекемеге айналдыруға тиіс.

Бұл іске Сағынбек Тоқабайұлы өзі тікелей араласты. Кадр таңдауда ұлтына немесе шыққан жеріне қараған жоқ, мамандардың білімі мен іскерлігіне, адами қасиеті мен жауапкершілігіне мән берді. Қарамағында істейтін адамдардың тиянақты да адал қызметкерлер болғаны елшіліктің жұмысын жандандыра түсті. Неміс тілін терең меңгерген мамандар тартылды. Соның оң нәтижесін көп ұзамай-ақ көрді. Дипломатиялық жұмысқа машықтанған, білікті экономист, сыртқы экономикалық байланыстар саласына маманданған тәжірибелі әрі неміс тілін меңгерген Леонид Федорвич Бурцевті елшілікке кеңесші қылып қызметке шақырды. Ол бас тартқан жоқ. Кадр таңдауда қателеспегеніне көп ұзамай-ақ көзі жетті. Басқа

консул бөлімінде атқарылды. Себебі сол жылдары Қазақстаннан Германияға қоныс аударған неміс ұлты өкілдерінің саны өте көп болды. 1991 жылы экономикасы тұралап қалған елімізден жүздеген этникалық немістер тарихи Отанына оралып жатты. Біздің елдің тарапынан ешқандай саяси қысым болмағаны айдай әлемге аян, Германияға қоныс аударғандардың саны күрт өсті. Заман өзгерді, БҰҰ-ның Адам құқығы туралы Декларациясы бойынша әр адам ішкі жандүниесі қалаған елде тұруға құқылы. Демократия принциптері мен еркіндік лебі бұған рұқсат етті. Қазақстаннан Германияға көшіп

кеттің беделіне нұқсан келтіретін сын болмақ. Елшіліктегі қызметкерлер теңіздей тасқындаған аткөпір хаттар мен өтініштерге дер кезінде жауап беруі қажет. Бір қолды екі ете алмай қиналған мерзім туды.

Екінші кезек күттірмес міндет – ҚР Елшілігі орналасуға тиіс дұрыс ғимарат табудың қажеттігі туды. Елшілігін дұрыс сайлап алмаған ел әріптес болып қарық қылмасты, ресми қарым-қатынаста әлсіз жақ болып шығарын көбі ұғып та қойған. КСРО ыдыраған соң оның сәулетті елшілігі Ресейдің еншісінде қалған. Одақтас республикалар шет мемлекеттердің астаналарынан өз елшіліктерін

«Ұяда

не көрсең, ұшқанда

соны ілерсің» дегендей, ба-

лаларын да тамаша тәрбиелеген

Сағынбек Тоқабайұлын тыңдай білу

– бір ғанибет. Үлкен көпбалалы отбасында

ұлттық тектілікті қастер тұтқан ұрпағын,

алтындай ұл-қыздарын қазақы тәрбиелеп

өсірді. Ұлдары Арман, Ерлан, Сұлтан, Нұрсұлтан,

қыздары Әмина, Әлия, Динара, Перизат,

Салидат – әкеден алған өнегесін өмірде

дәлелдеп жүрген бүгінгі заманның зиялы

ұрпақтары. Кенже егіз қыздары мектепте,

ал үлкен ұлдары ұяға, қыздары қияға

ұшып, әлемнің әр қиянына кет-

келі қашан?!

келушілердің санын елшілік біліп отырды. Сағынбек Тоқабайұлының қолындағы деректер бойынша, бұл көрсеткіш 1991 жылы 80 мың адамды қамтыса, 1992 жылы 114 мың адамға жетті. 1993 жылы бұл тасқын тіптен молая түсті. Қос тарап, екі мемлекет – Қазақстан мен Германия бұл іске асқан жауапкершілікпен қарады. Өйткені мұның астарында тірі адамдардың тұрмыс-тіршілігі, адам тағдыры тұр. Германияға этникалық немістер, бұрынғы отандастарымыз отбасымен түгел қоныс аударып, жаппай көшіп-қонып жатқанда, ҚР Төтенше және өкілетті елшісі Сағынбек Тұрсынов басқарған елшілікке шектен тыс салмақ түсті.

Оралмандардың баршасына Германиядағы Қазақстан елшілігі консулдық қызмет көрсетті. Негізінде елшіліктегі ең көп жұмыс консул бөлімінде атқарылады. Қоныс аударушылардың қаншама арыз, өтініштері мен сұрақтарының бәрі консулдық бөлім арқылы қаралды. Бұдан

сайлап алуға кірісті. Жалдау құны Еуропа құрлығында арзан емес, керісінше, мұндай үйлер қымбат тұрады. Сырт көрініс, баршылық, молшылық атрибуттары мұнда ескерілмей қалмайды. Бәсекеге лайық елдердің экономикалық әлеуеті елшілік ғимаратын жалдаудан-ақ байқалады. Мүмкіндігі шектеулі елдердің жағдайы елшілік үйінен-ақ көрініп қояды. Өйткені бәрі де көрпеге қарап көкірден аспасы анық. Сағынбек Тоқабайұлы Германияда Қазақстанның елшілік ғимаратын жалға аларда өзінің ұлттық дәстүріне жүгінгенін айта кетсек, артық етпейді.

Бұл ғимарат қолға тиісімен, елшіліктің ресми қызметі басталып кетті. Сонымен, 1994 жылдың 18 мамырында Германияда Қазақстан Республикасының елшілігі ресми ашылды, салтанатты ашылуында елдіктің атрибуттары – Көк ту желбіреп, әнұран ойналды. Біріккен Ұлттар Ұйымынан бастап, халықаралық ұйымдарға мүшелікке өткен, жеке ел болуды еңсеруге көшкен Қазақстан

жылдар нәтижелі болды. Бұл елдің жас Қазақстан мемлекетіне деген ықыласы айрықша екенін елші Сағынбек Тұрсынов қалт жібермей қадағалап отырды. Үлгі тұтарлық экономикалық артықшылығы айқын, ал әлеуметтік институттары мұқият жұмыс істеп тұрған елден инвестиция тартуға күш салды. Көрген-білгенін түгел қазақтың пайдасына жаратуға ниетті. Бұл елдің шынайы жетістіктері көкейінен шықты. Мемлекет мүддесін бәрінен жоғары санау Батыс елдерінде әбден қалыптасқан. Германияның бірнеше мәрте Федеральдық кандидаттары сайланып, талай жылдар бойы ел Үкіметін жоғары дәрежеде басқарған Гелмут Коль – Берлин қабырғасы құлап, Батыс және Шығыс Германияның қосылуына өлшеусіз үлес қосқан қайраткер. Осы бір аты асырға айналған қайраткер басы ҚР Төтенше және өкілетті елшісі Сағынбек Тұрсыновпен екі рет арнайы кездесіп, екі елдің болашақ байланыстары туралы кеңінен талқылаған болатын.

Жаһандану заманына сай үш тілді еркін игерген білімді адам, экономика ғылымының докторы, запастағы полковник, Халықаралық инженерлік академиясының академигі, Талдықорған облысының алғашқы әкімі, ҚР Президенті әкімшілігінің ең алғашқы жетекшісі болған Сағынбек Тоқабайұлы Тұрсынов – Германияда жемісті атқарған елшілік қызметтен кейін 1996-2002 жылдары Австрия Республикасында Қазақстан Республикасының Төтенше және өкілетті елшісі, 2002-2006 жылдары Венгрия, соған қоса Болгария, Румыния, Чехия мен Славаквияда ҚР Төтенше және өкілетті елшісі қызметін қоса атқарған сегіз қырлы, бір сырлы азамат.

Сонымен қатар Сағынбек Тоқабайұлының ғылым жолында және көпшілікке арналған танымдық әдебиетке қосқан үлесі – бір төбе. Елімізде бұл кісінің авторлығымен оншақты кітаптар жарық көрді. Сол еңбектің баршысында Қазақстанның жарқын болашағына себін тигізетін пайдалы тақырыптар көтерілген.

Еуропадағы ұзақмерзімді дипломатиялық жұмыстан соң Сағынбек Тұрсынов ҚР Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссиясының төрағасы болып қызмет атқарды. ҚР Жоғарғы Кеңесі, 12-сайланымның депутаты. ҚР Парламенті Мәжілісінің IV шақырылым депутаты, Халықаралық

дипломатиясында өзіндік орны бар дара тұлға. Оның еліміздің дипломатия саласына қосқан еңбегі жоғары бағаланып, 2007 жылы ҚР Сыртқы істер министрінің бұйрығымен «Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атағы берілді.

Мандайына Германияда Қазақстанның тұңғыш елшісі болу бағы бұйырған Сағынбек Тоқабайұлы – елгезек, кішіпейіл, үлкенді үлкен деп, кішіні кіші деп бағалай білетін нағыз зиялы азамат. Қазаққа тән мейірбан, жайдары, әзілқой мінез-құлқы бар, суырып салып өлең шығаратын Сағынбек ағаның кіммен болса да әңгімесі жараса кетеді. Үлкен ортада айтар әңгімесі өте тұщымды, елдік мүддені асақтауға бейім келеді. Кейінгі ұрпаққа берер ұлағаты, көрсетер өнегесі де ұшан-теңіз.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегендей, балаларын да тамаша тәрбиелеген Сағынбек Тоқабайұлын тыңдай білу – бір ғанибет. Үлкен көпбалалы отбасында ұлттық тектілікті қастер тұтқан ұрпағын, алтындай ұл-қыздарын қазақы тәрбиелеп өсірді. Ұлдары Арман, Ерлан, Сұлтан, Нұрсұлтан, қыздары Әмина, Әлия, Динара, Перизат, Салидат – әкеден алған өнегесін өмірде дәлелдеп жүрген бүгінгі заманның зиялы ұрпақтары. Кенже егіз қыздары мектепте, ал үлкен ұлдары ұяға, қыздары қияға ұшып, әлемнің әр қиянына кеткелі қашан?! Ел ісін адал атқарып жүрген білімді азаматтың отбасында ұрпақтарына беріп жатқан тәрбиесінің мықты екендігіне сенімдіміз.

Сағынбек ағаның ұлағатты өмір жолы мен берер тәлім-тәрбиесі өз ұл-қыздарына ғана емес, бүкіл қазақтың жастары мен болашақ ұрпағына үлгі боларлық. Осындай өнегелі өмірі мен адал еңбегінің зейнетін көріп отырған Сағынбек Тоқабайұлын бүгінде кейінгі буын дипломаттар мақтан тұтатын! Алдағы уақытта да оның еліміздің дамуы мен игілігі жолына өз үлесін қоса беруіне, ғұмыры ұзақ болып, шуақты да қуанышты сәттері мол болуына тілектеспіз.

Гүлсім ЕҢСЕПОВА,
ҚР Сыртқы істер министрлігінің I сыныпты кеңесші-дипломаты, филология ғылымдарының кандидаты, ҚР Ақпарат саласының үздігі, «Құрмет» орденінің кавалері, ҚР Журналистер одағының мүшесі

ДЕСТРУКТИВТІ ДІНИ АҒЫМДАРДЫҢ ҚОҒАМҒА КЕРІ ӘСЕРІ ҚАНДАЙ?

Қазір дін саласындағы жағдай әлемдік деңгейде үлкен алаңдаушылық туғызып отыр. Дін – адамзат өркениетінің рухани өзегі, адам мен қоғамның ар-ожданын қалыптастыратын мәңгілік құндылықтар жүйесі. Алайда соңғы онжылдықтарда түрлі саяси, экономикалық және әлеуметтік себептердің салдарынан діннің кейбір формалары бұрмаланып, адамзатқа қауіп төндіретін деструктивті сипатқа ие бола бастады. Осындай ағымдардың ықпалына түсу – жеке тұлғаға да, тұтас қоғамға да зор зардап әкелетіні айқын аңғарылып отыр.

Деструктивті діни ағымдар дегеніміз – дәстүрлі діннің негізгі қағидалары мен бағыттарынан ауытқып, өзіндік мақсаттарды көздейтін, қоғам мен мемлекеттің тұрақтылығына, халықтың бірлігі мен мәдени тұтастығына қауіп төндіретін ұйымдар мен топтар. Олар сырт көзге діни ұйым ретінде көрінгенмен, іс жүзінде адамдардың санасын ұлап, өз мүдделеріне қызмет ететін идеологиялық құралға айналған. Мұндай ағымдар көбінесе қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік, жұмыссыздық, ақпараттық сауатсыздық, рухани дағдарыс секілді жағдайларды пайдаланып, әсіресе жастардың санасына әсер етуге тырысады.

Деструктивті ағымдардың басты нысанасы – адам санасы. Олар дінді саяси құралға айналдырып, адамның ойлау қабілетін шектеуге, оны өздерінің идеологиялық тұтқынына айналдыруға бағытталған әрекеттер жасайды. Әсіресе интернет пен әлеуметтік желілер арқылы таралатын радикалды идеялар бүгінде жастар арасында тез тарайды. Бұл – қазіргі ақпараттық қоғамның ең үлкен қауіптерінің бірі. Себебі ғаламтор кеңістігі еркін, бақылаусыз орта болғандықтан, радикалды топтар өз идеологияларын ашық және тартымды түрде жеткізудің жолын тапқан. Олар «ақиқат дін», «таза сенім», «шын иман» деген ұрандарды алға тарта отырып, дәстүрлі ислам құндылықтарын жоққа шығарады, өз көзқарастарын абсолютті ақиқат ретінде ұсынады.

Осындай идеологияның салдары ауыр. Біріншіден, деструктивті ағымдардың жетегінде кеткен адам отбасы мен қоғамнан оқшауланады. Ол өзінің бұрынғы өмірін, достарын, тіпті ата-анасын жат санай бастайды. Мұндай адамдардың көпшілігі радикалды топтардың нұсқауын орындап, жеке шешім қабылдау қабілетінен айырылады. Нәтижесінде, рухани тұрғыдан әлсіреген тұлға өз өмірін бөтен біреудің басқаруына еріксіз тапсырады. Бұл жеке тұлғаның еркіндігі мен рухани тәуелсіздігінің жоғалуы.

Екіншіден, деструктивті ағымдардың ықпалы отбасы институтына да ауыр соққы береді. Теріс бағыттағы ұйымдарға кірген адам көбіне отбасы

мүшелерімен байланысын үзеді, олардың кеңесін тындамайды, тіпті өз туыстарын «дінсіз» деп айыптай бастайды. Соның салдарынан көптеген отбасы ыдырап, балалар ата-анасыз, ал ата-аналар перзентінен айырылып қалып жатады. Мұндай оқиғалар тек жеке отбасы трагедиясы емес, тұтас қоғамның тұрақтылығына әсер ететін әлеуметтік проблемаға айналады.

Үшіншіден, деструктивті ағымдардың әрекеті қоғамның ішкі бірлігіне сызат түсіреді. Олар діни айырмашылықты қолдан саяси құралға айналдырып, халықты топтарға бөлуге тырысады. Бұл – ұлттың рухани тұтастығына төнген қауіп. Көп жағдайда мұндай топтар өздерін мемлекеттің заңдарынан жоғары қояды және зайырлыққа қағидатын мойындамайды. Соның салдарынан құқықбұзушылық, діни экстремизм, ал ең сорақысы – терроризм қаупі туындайды.

Қазақстан – көпұлтты және көпконфессиялы мемлекет. Мұндай қоғамда бейбітшілік пен келісім – тұрақтылықтың басты шарты. Сондықтан деструктивті ағымдарға қарсы күрестің ең тиімді жолы – халықтың діни сауатын арттыру және рухани иммунитетін күшейту. Теолог мамандардың айтуынша, адам неғұрлым өз діни туралы көбірек білсе, соғұрлым ол жалған ағымдардың ықпалына аз түседі. Яғни білім мен түсінік – кез келген идеологиялық манипуляциядан қорғайтын ең сенімді қалқан.

Дәстүрлі ислам – төзімділікке, мейірім мен ізгілікке, бірлік пен бейбітшілікке үндейтін дін. Ал радикалды бағыттағы ағымдар осы құндылықтарды бұрмалап, қоғамды бөлшектеуге, адамдар арасында өшпенділік тудыруға тырысады. Сондықтан шынайы имандылықтың тек намаз оқу мен сыртқы атрибуттарда емес, ең алдымен жүректе, ар-ождан мен мейірімде екенін түсіну маңызды.

Жастар – қоғамның болашағы әрі ең осал бөлігі. Теріс ағым өкілдері дәл осы жастарды өз қатарына тартуға ұмтылады. Олар интернет арқылы байланыс орнатқып, психологиялық тәсілдерді пайдаланады. Сондықтан жастар арасында руха-



ни-ағартушылық жұмыс үздіксіз жүргізілуі қажет. Мемлекет бұл бағытта жүйелі жұмыстар атқарып келеді. Елімізде діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, ақпараттық-түсіндіру топтары белсенді жұмыс істеп отыр. Теологтар, дінтанушылар, имамдар, психологтар мен жергілікті әкімдік өкілдері халықпен кездесіп, дін саласындағы өзекті мәселелерді талқылап жүр. Мұндай кездесулердің басты мақсаты – халыққа дәстүрлі діннің құндылығын түсіндіру, жастарды радикалды идеологиядан қорғау, тұрғындарға мемлекеттің дін саласындағы саясатын түсіндіру.

Қазіргі қоғамда әр азаматтың діни сауаттылығы мен рухани тұрақтылығы – мемлекет қауіпсіздігінің құрамдас бөлігі. Себебі рухани әлсіз қоғам сыртқы идеологиялық ықпалға тез түседі. Ал берік рухани іргетас – ұлттық бірліктің кепілі. Сондықтан деструктивті ағымдардың алдын алу тек мемлекеттік саясаттың ғана емес,

әрбір отбасындағы тәрбиенің, әрбір ұстаздың, әрбір дін қызметкерінің ортақ міндеті.

Деструктивті ағымдардың қоғамға тигізетін кері әсері тек діни шеңбермен шектелмейді. Ол адамгершілік құндылықтардың әлсіреуіне, ұлттың мәдени кодынан алшақтауға, азаматтық жауапкершіліктің төмендеуіне әкеп соғады. Мұндай идеологияға ерген адам өз елін, халқын, салт-дәстүрін сыйламайды. Ал өз болмысын жоғалтқан қоғамның болашағы бұлыңғыр болмақ.

Қорыта айтқанда, деструктивті діни ағымдар – көрінбей енетін, бірақ іштей күйрететін қауіп. Онымен күрестің ең тиімді жолы – білім, түсінік, бірлік және рухани тазалық. Әр адам өз діні мен дәстүрінің мәнін түсініп, рухани тұрғыда берік болса, ешқандай жалған идея мен уағыз оның санасын ұлай алмайды. Бүгінгі қоғамның міндеті – дінді дұрыс түсінетін, ел мен жердің амандығын бәрінен жоғары қоятын рухани ұрпақ тәрбиелеу. Тек сол кезде ғана біз бейбіт, тұрақты және берік қоғам құра аламыз.

«ALDASPAN» талдау орталығы; Қосшы қаласы ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы бойынша

ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМ – ҒАСЫР ДЕРТІ

Қазір әлем жұртшылығын алаңдатып отырған ең өзекті мәселелердің бірі – діни экстремизм мен терроризм. Бұл құбылыстар тек бір елдің емес, күллі адамзаттың тыныштығына, тұрақтылығына және өркениетті дамуына қауіп төндіріп отыр. Әсіресе соңғы жылдары діни радикализмнің түрлі формада таралуы, жастардың теріс идеологияның жетегінде кетуі жиілеп барады. Осыған байланысты қоғам болып, мемлекеттің барлық құрылымдары бірігіп, алдын алу, түсіндіру және тәрбиелік жұмыстарды жандандыру басты міндетімізге айналды.

Діни экстремизм дегеніміз – дінді саяси мақсатта пайдаланып, қоғамға, мемлекетке қарсы әрекет ету. Экстремистік көзқарасты ұстанушылар дін атын жамылып, өзгеше ойлайтындарды, өзге ағымдарды, тіпті өз дінінің өзге мазһаб өкілдерін де жау санайды. Олар өздерінің пікірін жалғыз ғана дұрыс жол деп қабылдайды. Осындай жікшіл көзқарас қоғамда алауыздық тудырып, азаматтар арасында сенімсіздікке, бөлінушілікке алып келеді.

Қазақстан зайырлы мемлекет ретінде барлық дінге тең құқық береді. Дегенмен, діни сенім мен діни экстремизмнің ара жігін ажырата білу маңызды. Өйткені соңғысы деструктивті, яғни бүлдіргі сипатқа ие.

Ал терроризм – адамзатқа ортақ қатер. Ол – зорлық-зомбылық арқылы қоғамға үрей туғызып, билікке ықпал етуге ұмтылатын қылмыстық әрекет. Террористік ұйымдар көбінесе жастарды, әлеуметтік әлсіз топтарды алдап, идеологиялық қысыммен өз қатарына тартады. Бүгінде интернет пен әлеуметтік желілер радикалды идеялардың таралуына

ыңғайлы алаңға айналған. Алыс ауылда отырып-ақ, бір адам теріс ақпараттың ықпалына түсіп, радикалды ұйымдардың мүшесіне айналып кетуі мүмкін. Мәселен, 2011 жылғы Атырау, 2016 жылғы Ақтөбе мен Алматы оқиғалары – еліміздегі қауіптің нақты мысалдары. Бұл оқиғалар террористік идеологияның шекараны, ұлтты, жасты талғамайтынын дәлелдеді. Сондықтан бұл қатерге қарсы күрес – әр азаматтың жауапкершілігі.

Енді осы мәселелердің себептерін ашып көрелік. Діни экстремизм мен терроризмнің таралуының бірқатар себебі бар:

- діни сауаттың төмендігі;
- жастардың әлеуметтік мәселелері (жұмыссыздық);
- қоғамнан оқшаулану;
- интернеттегі контент;
- бала санасының бақылауының әлсіреуі.

Тағы бір үлкен себептердің бірі – діни сауаттың жетіспеушілігі. Ата-бабамыз ұстанған Ислам діні – сабырлы, кешірімді, әділеттілікті ту еткен дін. Дінге

бет бұрған әр адам бірінші кезекте оның негіздерін, түпкі мағынасын Құран мен хадиске сүйене отырып, дәстүрлі мазһаб тұрғысынан үйренуі қажет. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы ұстанатын Ханафи мазһабы мен матуриди сенімі – біздің дәстүрлі жолымыз.

Бұған қарсы күресте тек құқық қорғау органдары немесе діни ұйымдар ғана емес, бүкіл қоғам жұмыла әрекет етуі керек. Мысалы, ата-ана баласының кіммен араласатынын, қандай ақпарат оқитынын, қандай сайттарға кіретінін бақылауы керек. Мектеп пен жоғары оқу орындарындағы жастарға алдын алуға бағытталған дұрыс діни түсінік беруге тиіс.

Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл – ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылықтың маңызды бағыты. Мемлекет бұл бағытта құқықтық, идеологиялық, тәрбиелік және ақпараттық-насихаттық шараларды қатар жүргізіп келеді.

2013 жылдан бері еліміздің барлық өңірінде ақпараттық-түсіндіру топтары (АТТ) құрылып, жүйелі

жұмыс жүргізіп отыр. Бұл топтардың құрамына дінтанушылар, теологтар, имамдар, қоғам қайраткерлері, мемлекеттік мекеме өкілдері кіреді. Олардың басты мақсаты – халықпен, әсіресе жастармен, жұмысшылармен, студенттермен, әскери қызметшілермен, ауыл тұрғындарымен бетпе-бет кездесіп, радикалды діни ағымдардың айырмашылығын түсіндіру. Оған қоса, әлеуметтік желілер мен БАҚ арқылы да ақпараттық жұмыс белсенді жүргізіледі.

Қазақстанда радикалды діни идеологияның ықпалына түскен азаматтармен жеке жұмыс жүргізіледі. Бұл бағытта теологтар мен психологтар арнайы дайындықтан өтеді. Түрмелерде дерадикализация бағдарламасы іске асырылады. Мұндағы мақсат – радикалды идеяларды терістеу, адамның діни санасын дұрыс арнаға бағыттау. Радикалды көзқарастағы азаматтармен үнемі жеке әңгімелесу, сенімге кіру, діни дәлелдермен түсіндіру тәсілі қолданылады. Осы жұмыстардың нәтижесінде көптеген азамат өз көзқарасын өзгертіп, қапылты өмірге қайта оралған нақты мысалдар бар.

Мектеп бағдарламасына «Зайырлық және дінтану негіздері» пәні енгізілген болатын. Бұл оқушыларға дін туралы ғылыми және объективті ақпарат беруге бағытталған. Сондай-ақ университеттерде дінтану және теология мамандықтары бойынша білікті кадрлар даярланып отыр.

Жалпы, діни экстремизм мен терроризм – жай ғана идеологиялық мәселе емес, елдің қауіпсіздігіне, қоғамдық тұтастыққа төнген үлкен қауіп. Біздің басты қаруымыз – бірлік, білім және дұрыс діни таным. Абай хакім айтқандай, «Адам баласын замана өсіреді, кімде-кім жаман болса, замандасының бәрі виноват». Біз жастарымызды экстремизмнен сақтау үшін оларды заманауи біліммен, ұлттық тәрбиемен, шынайы дұрыс ақпаратпен қаруландыруымыз керек.

Бүгінгі қоғам алдындағы маңызды міндет – жастарды теріс ағымнан арашалау, санасын сергек ету. Бұл жолда әрбір азаматтың рөлі зор. Себебі терроризммен күрес – тек қарумен емес, ақылмен, тәрбиемен, біліммен жүргізілетін күрес.



ТАЙТӨБЕДЕ СУ ҚҰБЫРЫ ЖЕЛІЛЕРІН ЖАҢАРТУ ЖҰМЫСЫ АЯҚТАЛАДЫ

Тайтөбе ауылында су құбыры желілерін қайта жаңарту бойынша ауқымды жоба аяқталуға жақын. Бұл жұмыстар ауыл тұрғындарын толықтай орталықтандырылған ауыз сумен қамтуға және ең өзекті коммуналдық мәселелердің бірін шешуге бағытталған. Мердігер ұйым – «Көкшетау гидрогеология» ЖШС.

Құрылыс жұмыстары 2024 жылдың қараша айында басталған. Бүгінде нысанның дайындық деңгейі 97 пайызды қамтиды. Қазір құдықтарға фасонды бөлшектер орнатылып, диаметрі 20 миллиметр болатын абоненттік құбырлар тартылған. Құбыр желілерін сынақтан өткізу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ сорғы станциясының аумағы абаттандырылып, электрмен жабдықтау тіректері мен трансформатор орнатылуда. Тайтөбе ауылының

әкімі Парасат Досмағанбетовтің айтуынша, бұл жоба тұрғындар үшін үлкен маңызға ие.

«Су тарту жұмыстары 2017 жылы басталған еді. Алайда жауапсыз мердігерлердің кесірінен жоба тоқтап қалған болатын. 2024 жылдың қыркүйек айында құрылыс қайта жанданып, қазір аяқталуға жақын. 2025 жылдың 15 қарашасына дейін Тайтөбе ауылы толықтай орталықтандырылған ауыз сумен қамтылатын болады», – деді ол.

Әкімнің айтуынша, ауылда ресми түрде 3 300 адам тіркелгенмен, іс жүзінде шамамен 7 мың адам тұрады. Бұл Тайтөбенің елорда маңындағы аймақта орналасуымен және жеке тұрғын үй құрылысының қарқынды дамуы нәтижесінде халық санының тұрақты өсуімен түсіндіріледі. Жаңа су құбыры осы өсімді ескере отырып салынған және барлық тұрғынды сумен қамтамасыз етеді.

«Әр үйдің ауласында тереңдігі 9-11 метр болатын құдықтар бар. Бірақ енді орталықтандырылған су жүйесі іске қосылған соң, су мәселесі түбегейлі шешіледі», – деп атап өтті Парасат Досмағанбетов.

«Көкшетау гидрогеология» ЖШС-нің бас директоры Сансызбай Хаметовтің айтуынша, құрылыс жұмыстары бекітілген кестеге сай жүргізіліп отыр.

«Біз жалпы ұзындығы шамамен 50 шақырым болатын су құбырларын, соның ішінде су тарту және ауылшілік тарату желілерін төсеп шықтық. Сорғы станциясын салып, 3 ұңғыманы бұрғыладық. Аумақты абаттандырдық. Қазір суды іске қосуға және оны тазарту станциясына беруге дайындық жүргізіп жатырмыз. 10 қарашаға дейін барлық жұмысты толық аяқтауды жоспарлап отырмыз», – деді ол.



«Jana Bastau» газеті ресми хабарландырулар қабылдайды

Газетте жарияланатын хабарландыру түрлері:

- Тендерлер, мемлекеттік сатып алулар, аукциондар, есептер, баланстар, лоттар, сауда-саттық, жалпы жиналыстар, тарифтердің өзгеруі және өзге де ресми хабарламалар;
- Жауапкершілігі шектеулі серіктестікті (ЖШС) тарату туралы хабарландырулар;
- Жарғылық капиталды азайту туралы хабарландырулар;
- Құжаттардың, шарттардың, бланкілердің, патенттердің, мөрлердің, жарғының, құрылтай құжаттарының, сақтандыру полистерінің жоғалуы туралы хабарландырулар;
- Банкроттық ісін қозғау туралы хабарландырулар;
- Мұрагерлерді іздеу туралы хабарландырулар;
- Із-түзсіз жоғалған азаматтарды іздеу туралы хабарландырулар.

Газет туралы ақпарат:

- «Jana Bastau» газеті аптасына бір рет жарық көреді және Қазақстанның барлық өңірінде таратылады.
- Астана қаласында газетті мына орындардан сатып алуға болады: «Орбита», «Гүлжан», «Артем» газет дүңгіршектері және «Қазпшта» бөлімшелері.
- Газетті Халыққа қызмет көрсету орталықтары (ЦОН), әділет департаменттері, салық органдары және өзге де мемлекеттік мекемелер ресми құжат ретінде қабылдайды.

Байланыс ақпараты:
WhatsApp: 8778 443 20 95

ХАБАРЛАНДЫРУ БАҒАЛАРЫ

Бағасы:

- 6000 теңгеден бастап (жоғалған құжаттар туралы хабарландырулар);
- 10 000 теңгеге дейін (заңды тұлғаны тарату туралы хабарландырулар).

Баға құрамына мыналар кіреді:

- Қазақ және орыс тілдерінде әзірленген мәтін;

- PDF форматындағы ресми нұсқа;
- Дайын хабарландыруды жеткізу;
- Есептік (жабу) құжаттардың толық топтамасы.



Маңызды ақпарат:

«Jana Bastau» – ресми және заңды маңызы бар хабарландыруларды жариялауға уәкілетті басылым. Біздің жарияланымдар ХҚКО, Әділет, Салық комитеті және басқа да мемлекеттік органдарда заңды күшке ие.

Тіркеу туралы мәлімет:

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 2024 жылғы 18 қаңтарда тіркеліп, № KZ07VPY00085845 куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022 ж., № KZ40VPY00045578.

Газета «Jana Bastau» принимает официальные объявления

Виды объявлений, публикуемых в газете:

- о тендерах, государственных закупках, аукционах, отчетах, балансах, лотах, торгах, общих собраниях, изменении тарифов и других официальных уведомлениях;

- о розыске наследников;
- о розыске без вести пропавших граждан.

Информация о газете:

- Газета «Jana Bastau» выходит один раз в неделю и распространяется на территории всех регионов Казахстана.
- В Астане газету можно приобрести в газетных киосках «Орбита», «Гүлжан», «Артем», а также в отделениях «Қазпшты».
 - Газета официально принимается ЦОНами, органами юстиции, налоговыми управлениями и другими государственными учреждениями.

Контактная информация:
WhatsApp: 8778 443 20 95

Стоимость размещения

Цена объявления:

- от 6000 тенге (утрача документов);
- до 10 000 тенге (ликвидация юридического лица).

В стоимость входит:

- Текст на казахском и русском языках;
- Официальная версия в формате PDF;
- Доставка готового объявления;
- Полный комплект закрывающих документов.

Важная информация:

Газета «Jana Bastau» является официальным изданием для публикации юридически значимых объявлений.

Публикации в газете имеют юридическую силу и принимаются ЦОНами, Министерством юстиции, налоговыми органами и другими госструктурами Республики Казахстан.

Регистрационные сведения:

Газета «Jana Bastau» зарегистрирована в Комитете информации Министерства культуры и информации Республики Казахстан. Дата регистрации: 18 января 2024 года.

Свидетельство № KZ07VPY00085845. Первичная постановка на учет: 04 февраля 2022 года, № KZ40VPY00045578.

- о ликвидации товариществ с ограниченной ответственностью (ТОО);
- об уменьшении уставного капитала;
- об утере документов, договоров, бланков, патентов, печатей, устава, учредительных документов, страховых полисов и иных бумаг;
- о возбуждении дела о банкротстве;

Jana
Bastau

Меншік иесі –
«Bastau Media» ЖШС

Директор –
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

Бас редактор
Еркеғали БЕЙСЕНОВ

Бас редактордың орынбасары,
веб-редактор
Ғанибет ҒАЛЫМБЕКҰЛЫ

ЖУРНАЛИСТЕР:
Жанар АХМЕТОВА,
Аяжан ЕРБОЛ

ЖАРНАМА МЕНДЖЕРІ:
Мархабат АСЫЛБЕК
8778 443 20 95

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ

Дизайнер-беттеуші

Ербол ҚАНАТҰЛЫ

Корректор

Ерік ЕЛЕУСІЗ

Нөмірдің кезекшісі

Жанар АХМЕТОВА

- Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС, Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172) 99 77 77
- Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Газет аптасына 1 рет (әр аптаның сенбі күні) шығады.
- Республиканың барлық аймағына таратылады.
- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 куәлігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578

📍 Редакция мекенжайы:
Қосшы қаласы,
Республика даңғылы, 46

☎ Байланыс телефоны:
тел.: +7 (701) 709-88-82

📄 Газет «Jana bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

✉ janabastau2022@gmail.com
🌐 www.janabastau.kz